

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 1646 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 13 қыркүйек N 1386

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақмыс" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 1646 Р991646\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "құқығынсыз акциялардың аталған пакетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісім бойынша кепілге беру құқығымен, белгіленген тәртіппен 2000 жылдың 8 маусымынан бастап Заем туралы келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылатын, жарғылық капиталдың отыз бес проценті мөлшерінде Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін сенімді басқаруға беріледі" деген сөздер алғыншыл тасталсын және "сенімді басқарушының" деген сөздердің алдынан "заңнамада белгіленген тәртіппен 2000 жылдың 8 маусымынан бастап бес жыл мерзімге, сатып алу құқығынсыз жүзеге асырылатын жарғылық капиталдың отыз бес проценті мөлшеріндегі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін сенімді басқаруға беру, Қоғамның көрсетілген акцияларының мемлекеттік пакетін кепілге беру және" деген сөздермен толықтырылсын;

### 2-тармақта:

1) тармақша "жағдайлардағы," деген сөзден кейін "сондай-ақ сенімді басқарушы 7 (жеті) миллион АҚШ долларын" бара бар сомасындағы сенімді басқаруға берілген акциялардың мемлекеттік пакеті үшін сыйақыны респубикалық бюджеттің кірісіне жыл сайынғы аударуды қамтамасыз ету шартымен" деген сөздермен толықтырылсын.";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мүмкіндігінше заемды мерзімінен бұрын өтеуді.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК